

Ақшақар: Қойыңыз ата! Сіз бұл таяғыңызбен бүкіл шыршаны катырып тастайсыз.

Тәрбиеші: Ақшақар, сиқырлы таяғың қандай еді?

Ақшақар: Менің таяғым жылтырауық, пішіні жүрекке ұқсайды. Сіздер оны көрмедіңіздер ме?

Тәрбиеші: Бір жерде жатқан болар, жаңа мыстан ұшып бара жатып, қалтасынан жылтыраған бір затын түсіріп алды, сол емес пе екен? Кәне, аңдар, іздеп көріңдерші, сол затты мүмкін тауып берерсіңдер. Балалар аңдар кілтті іздеп жүргенде бір тақпақ айтып берейік.

Ұлдар биі: «Көңілді санта»

Аяз Ата: Жарайсың, балапаным! /бетінен сүйеді/

Тәрбиеші: Кәне, бізде шырша жағуға көмектесейік, әнімізді айтайық.

Балалар кайырмасын айтып жатқанда, Аяз Ата Ақшақарды қасына шақырып, шыршаны жакқызады.

Шырша шамын жағу:

Қуаңт бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат /3 рет қайталау/

Қыздар биі «Шырша биі»

«Кіш жылдам» ойын ойналады.

Қыздар биі «Қар биі»

Аяз- Ата: Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.

Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! (қолдарын бұлғап шығып кетеді).

Балалар: Сау болыңыздар!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, балалар! 2025- шы жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарына рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Мен жыланмын балалар мен сендермен қоштасуға келдім, сау болыңдар балалар.

Мен жылқымын, менің жылым келді, мен сендерге денсаулық, мол бақыт, табыс алып келдім.